



**2022 жылдың желтоқсан айындағы ҚР өңірлеріндегі
инфляциялық үрдістер туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің
нақты сектор мониторингі басқармасының бастығы
Игорь Осиповтің
түсіндірмесі**

2023 жылғы 17 қаңтар

2022 жылдың желтоқсан айында елде **жылдық инфляция 20,3%-ды** құрап (қарашада – 19,6%), жеделдеді. Аймақтар бойынша инфляция 19 өңірде қарқын алып, 1 өңірде (Алматы облысы) баяулады.

Жылдық инфляцияның ең көп мәні Маңғыстау облысында, Астана қаласында және Ақмола облысында тіркелді.

Желтоқсанда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 25,3%-ға дейін (қарашада – 24,1%) өсті. Осы топтағы тауарлардың бағасы Маңғыстау облысында (31,6%) мейілінше жоғары, ал Алматы облысында әлдеқайда баяу өсті (23,6%).

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 19,4%-ға дейін жеделдеді (қарашада – 18,6%). Ең жоғары мән Астана қаласында (30,5%), ең төменгі мән Алматы облысында (15,3%) тіркелді.

Желтоқсанда **ақылы көрсетілетін қызметтердің** бағасы ж/ж 14,1% деңгейіндегі мәнін сақтап қалды. Бұл ретте жалпы республикалық деңгейден жоғары өскен баға Маңғыстау облысында (17,8%), баяу өскен баға Түркістан облысында (11,4%) байқалды.

2022 жылғы желтоқсанда елде **айлық инфляция 1,2%-ды** құрады, бұл соңғы 5 жылда (2017-2021 жылдары: 0,7%) желтоқсандағы инфляцияның орташа мәнінен біршама жоғары.

Толығырақ:
<https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>

<https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>